

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ
БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «БАЛДЫРҒАН» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ**

030900 Ойыл селосы Амангелді көшесі №4, Телефон 2-11-31

E-mail: baldyrgan@uil-raioo.edu.kz

Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылы

Бекітілді:

«Балдырған» бөбекжай бақшасы» МКҚК
меңгерушісі А.К.Бисебаева
« 20 » 09 2023 жыл

2023 – 2024 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің
жылдық жұмыс жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	Орындалу мерзімі	Жауапты
1	1.Қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру. 2.Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, хатшысын сайлау. 3.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.	Қазан	Меңгеруші Қамқоршылық кеңестің төрағасы
2	1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау 2. Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу	Қаңтар	Меңгеруші Қамқоршылық кеңестің төрағасы
3	1.Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау.(балаларды бөбекжайға қабылдау тәртібі) 2. Штатық бірлік өзгерістері туралы ақпарат.	Сәуір	Меңгеруші Әдіскер Қамқоршылық кеңестің төрағасы
4	1.Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру 2. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау.	Мамыр	Меңгеруші Әдіскер Қамқоршылық кеңестің төрағасы

«Балдырған»бөбекжай-бақшасы МКҚК-ның Қамқоршылық кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

« 10» « 10» 2023 жыл

Қатыскандар: меңгерушісі Бисебаева.А.К.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:Шаймакова.С.Н , Толепова.Б.Т,Қаби.А.Б,

Нұршина.А.Ж,

Назарова.Г.Ж,Батанов.А.Т.Асанғалиев.А.С,Мыңжасарова.С.А,Әжмұратов.Р.Н,Ұл
ықпанова.С.Ұ, Тілегенов.Н.Т.хатшы Жолбаева.Г.Е.

Күн тәртібі:

1.Қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру.

2.Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, хатшысын сайлау.

3.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Бисебаева.А.К. МДҰ-ның ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы,Қ.Р Оқу-ағарту министрінің м.а 01.03.2023 №56 бұйрығының 1 –қосымшасына сәйкес «Балдырған»бөбекжай-бақшасыМКҚК-ның Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырдың үлгілік қағидаларыжәне оны сайлау тәртібен таныстырды. Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі 3(үш) жылды құрайтыны ескертілді.

Екінші мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан төраға сайлану қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп, Қамқоршылық кеңесінің төрағалығына Шаймакова Салтанат Набидолловнаны ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып «Балдырған»бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Жолбаева Гулназ Еламановна тағайындалды.

Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгеруші Бисебаева.А.К қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді(балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты. Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап,өз ойларын ортаға салды..Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңестің төрағасы, мүшелері,хатшысын тағайындау шешімі қабылданды.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып Шаймакова Салтанат Набидолловна сайлансын.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері болып Толеева.Б.Т, Қаби.А.Б, Нұршина.А.Ж,

Назарова.Г.Ж, Батанов.А.Т, Асанғалиев.А.С, Мыңжасарова.С.А, Әжмұратов.Р.Н, Ұлықпанова.С.Ұ, Тілегенов.Н.Т тағайындалсын.

Хатшы: Жолбаева.Г.Е.

2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

мүшелері:

Хатшы:



Shaymakova S.N.
Toloeva B.T.
Qabi A.B.
Nurshina A.Z.
Nazarova G.Z.
Batayev A.T.
Asanqaliev A.S.
Myngjassarova S.A.
Azhmuratov R.N.
Ulykpanova S.U.
Tiliegenov N.T.
Jolbayeva G.E.

Шаймакова.С.Н.
Толеева.Б.
Қаби.А.Б.
Нұршина.А.Ж.
Назарова.Г.Ж.
Батанов.А.Т.
Асанғалиев.А.С.
Мыңжасарова.С.А.
Әжмұратов.Р.Н.
Ұлықпанова.С.Ұ.
Тілегенов.Н.Т.
Жолбаева.Г.Е.

«Балдырған»бөбекжай-бақшасы МКҚК-ның Қамқоршылық кеңес отырысының

№ 2 хаттамасы

«16» « 01» 2024 жыл

Күн тәртібі:

Қатысқандар: меңгерушісі Бисебаева А.К Шаймакова.С.Н ,

Толепова.Б.Т,Қаби.А.Б, Нұршина.А.Ж,

Назарова.Г.Ж,

Батанов.А.Т Асанғалиев.А.С,Мыңжасарова.С.А,Әжмұратов.Р.Н,Ұлықпанова.С.Ұ,

Тілегенов.Н.Т.хатшы Жолбаева.Г.Е.

Күн тәртібі:

1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау
2. Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу

Бірінші мәселе бойынша,қамқоршылық кеңесінің мүшесі Төлепова Бибінур Төлегеновнамен мен бірге бракираждық комиссия мүшелері балабақша асханасына кіріп, азық-түліктің сақталу қоймасын, ондағы азық-түліктің сақталуын қадағалады. Асханадағы ас дайындайтын зоналармен, технологиясымен танысты. Астың дайындалу барысын, дайын астың топтарға таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді. Балабақшаның жазғы, қысқы 10 күндік ас мәзір калькуляциямен танысты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Сағатова Жанат науқастанудың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша презентация көрсетті. Ол ай сайын тәрбиеленушілердің науқастануы бойынша талдау жасалынып отыратынын айтты. Сонымен қатар ,медико-профилактикалық шаралар атап айтқанда, дәрумендітерапия С дәрумені кальциймен, «Пиковит» шәрбәті, «Рябина» шәрбәті көктем-күз айларында берілсе, тәтті бал мен лимон қосыныдысы, "Изюминка" коктейлі қыс мезгілінде желтоқсан айынан бастап тұмаудың алдын алу үшін күнделікті берілетінін, мұрынға оксолин майының жағылатынын айтып түсіндірді. Сондай-ақ жиі ауыратын балаларға дәрігердің тағайындауы бйынша физиотерапия жүргізілетінін де ескертті. Ата-аналар үшін жадынамалар топтарда ата-аналар бұрышында ілініп, қажет жағдайда жекелеген балалардың ата-аналарына кеңес, ұсыныстар беру жұмыстары да жүргізілетіні хабарланды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді:

Төлепова Бибінур: балабақшаның асханасына кіріп бақылау жасау барысында астың өз деңгейінде дайындалатынын, азық-түліктің дұрыс сақталуына мән берілетіні көңілге қонымды. Балабақшаның тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанарлық баға берді.

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы МКҚК-ның Қамқоршылық кеңес
отырысының
№ 3 хаттамасы

«05» «04» 2024 жыл

Күн тәртібі:

Қатысқандар: меңгерушісі Бисебаева А.К Шаймакова.С.Н ,
Толепова.Б.Т,Қаби.А.Б, Нұршина.А.Ж,
Назарова.Г.Ж,
Батанов.А.Т Асанғалиев.А.С, Мыңжасарова.С.А, Әжмұратов.Р.Н, Ұлықпанова.С.Ұ,
Тілегенов.Н.Т. хатшы Жолбаева.Г.Е.

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау. (балаларды бөбекжайға қабылдау тәртібі)
2. Штаттық бірлік өзгерістері туралы ақпарат.

1. «Балдырған» бөбекжай-бақшасы МКҚК -да балаларды балабақшаға қабылдау электронды DargBala.kz сайты арқылы жолдамамен қабылданып, электронды табель арқылы жүзеге асырылатыны туралы ата-анаға түсінік жұмыстары жүргізілгені хабарланды. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша бүгінгі таңда 14 бала қабылданғаны баяндалды.

2. Қосымша білім беру 1,0 ағылшын тілі штаттық бірлігін ата-аналардың ұсынысы негізінде би үйірмесіне ауыстыру ұсынылды. Сонымен қатар, музыка жетекшісі Иманғали Айша Сағатқызының дипломына сәйкес би жетекшісі маман екені атап айтылды.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік қызмет көрсету туралы ата-аналарға түсінік жұмыстары жүргізу жандандырылсын. (балаларды бөбекжайға қабылдау тәртібі)

2. Қосымша білім беру ағылшын тілі 1,0 штаттық бірлігі ата-аналардың ұсынысы негізінде, 1,0 штаттық бірлігі би үйірмесіне ауыстырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Хатшы:



Шаймакова.С.Н.

Жолбаева.Г

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін;

2. Балабақшада тәрбиеленушілердің науқастануын алдын алу және сауықтыру шаралары жеткілікті ұйымдастырылған деп есептелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Хатшы:



Шаймакова.С.Н.

Жолбаева, Г.Е.

**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы МКҚК-ның Қамқоршылық кеңес
отырысының
№ 4 хаттамасы**

«13» «05» 2024 жыл

Күн тәртібі:

Қатысқандар: меңгерушісі Бисебаева А.К Шаймакова.С.Н ,
Толепова.Б.Т,Қаби.А.Б, Нұршина.А.Ж,
Назарова.Г.Ж,

Батанов.А.Т Асанғалиев.А.С,Мыңжасарова.С.А,Әжмұратов.Р.Н,Ұлықпанова.С.Ұ,
Тілегенов.Н.Т.хатшы Жолбаева.Г.Е.

Күн тәртібі:

- 1 Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру
2. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі Ж.Сағатова жазғы сауықтыру мезгілінде балабақшада жүргізілетін шынықтыру шаралары жайлы хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында күнмен, сумен, ауамен шынықтыру түрлерін атап көрсетті. Жазғы уақыт бала ағзасын шынықтыруға қолайлы уақыт екенін атап айтты. Шынықтыру шараларын жүргізу әдістемесіне тоқталды. Әдіскері Ш.Толыбаева жазғы сауықтыру мезгілінде жүргізілетін іс шаралар жоспарымен таныстырды. Атап айтқанда, балаларға арналған спорттық эстафеталық сайыс, шығармашылық көрмелер, байқау шаралар жоспарланғанын атап өтті. Жазғы мезгілде таңертеңгі қабылдаудан бастап таза ауда жүргізіледі. Таңертеңгі жаттығу балабақша ауласында жүргізілетініне балалар үшін де үлкен қуаныш сыйлайтыны көңілге қонымды.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шаралары жоғары деңгейде ұйымдастырылсын.
2. Жазғы сауықтыру мезгілінде Біртұтас тәрбие бағытында «Аналар, әжелер, әкелер, аналар мектебі» жоспарымен кіріктіріліп іс шаралар ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Шаймакова.С.Н.

Хатшы:

Жолбаева.Г